

2012 жылға жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормаларын белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 22 қазандағы № 315 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 қарашада № 2642 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2012 жылға жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормалары белгіленсін.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.И. Дүйсембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Б. Измұхамбетов
"КЕЛІСІЛДІ"	
Қазақстан Республикасының	
Ауыл шаруашылығы министрі	А. Мамытбеков
2012 жылғы 22 қазан	
	Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 22 қазандағы № 315 қаулысына қосымша

2012 жылға жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындарының құнын ішінара өтеуге субсидиялар нормалары

Жеміс дақылдарының түрі	Отырғызу сызбасы	Отырғызу және өсіру шығындары (1 вегетация), теңге									
		барлығы	соның ішінде сатып алуға:					Тамшылатып суару жүйесі	субсидиялар нормасы, (40%)	Басқалай шығындар	субсидиялар нормасы, (40%)
			Көшеттер 1 га	субсидиялар нормасы, (40%)	Тіреу іш бағандар	субсидиялар нормасы, (40%)	Тамшылатып суару жүйесі				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Алма ағашы	8x6	1 202 440	208 000	83 200	-	-	310 800	124 320	683 640	273 4	
Алма ағашы	8x5	1 248 080	250 000	100 000	-	-	310 800	124 320	687 280	274 9	
Алма ағашы	8x4	1 316 489	313 000	125 200	-	-	310 800	124 320	692 689	277 0	
Алма ағашы	5x3	1 763 173	667 000	266 800	-	-	370 000	148 000	726 173	290 4	
Республикалық /жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен 2009-2011 жылдары дәстүрлі технология бойынша басқа да сызбаларға сәйкес отырғызылған бақтар үшін	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	

кестенің жалғасы

Жеміс дақыл-дарының түрі	2 вегетация, теңге		3 вегетация, теңге		4 вегетация, теңге	
	барлық шығындар	Субсидиялар нормасы, (40%)	барлық шығындар	Субсидиялар нормасы, (40%)	барлық шығындар	Субсидиялар нормасы, (40%)
1	12	13	14	15	16	17
Алма ағашы	47 202	18 881	42 443	16 977	0	0
Алма ағашы	47 639	19 056	43 012	17 205	0	0
Алма ағашы	48 286	19 314	43 850	17 540	0	0
Алма ағашы	52 156	20 862	48 642	19 457	0	0
Республикалық/жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен 2009-2011 жылдары дәстүрлі технология бойынша басқа да сызбаларға сәйкес отырғызылған бақтар үшін	-	-	72 735	29 094	214 743	85 897

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК